

## Жеңілдік беру мен өтемақылық төлемдерді реттеу жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1612 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.*

Мемлекеттің қаржы мүмкіндіктерінің шектеулілігін ескере отырып және " Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілерінің күші 1997 жылғы 1 сәуірге дейін тоқтатылсын:

1) "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 23, 560-бап) - төтенше, ең жоғары, жоғары, ең төмен радиациялық қауіпті аймақтарда және жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта тұрған және тұратын азаматтарға бір жолғы ақшалай өтемақылар төлеуге қатысты бөлігі, сондай-ақ денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға арнап республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыны 1,5 есе көбейтуге қатысты бөлігі.

2) "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 348-бап) - ақысы төленетін қосымша демалыс беру және айлық тарифтік ставкасы немесе лауазымдық жалақысы мөлшерінде сауықтыруға материалдық көмек көрсетуге көлікте тегін жүруге, оның ішінде сырқат баламен емделуге, санаторий-курорттық емделуді қоса, барып келуге; дәрі-дәрмектерді (дәрігерлердің рецепттері бойынша) тегін және құнының 30 проценті кемітіліп сатып алуға және тіс протездерін тегін және құнының 20 проценті кемітіліп жасату және жөндеуге; санаторий-курорт жолдамаларымен тегін қамтамасыз етуге; мүгедек болып қалған адамдарға, асыраушысынан айрылған отбасыларға шеккен зияны үшін берілетін бір жолғы өтемақыға; мүгедектерге сауықтыруға арнап берілетін жыл сайынғы жәрдемақыға; емдеу



*Президенті*

*Қазақстан Республикасының*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК